БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Н ТУЫ

...ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... февраль Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

**Республикамыздың еңбекшілері социалистік жарысты кең өрістете отырып, Отанымыздың күш-қуатын онан сайын нығайту ісіне өздерінің үлестерін тағы да қосады. Халық шаруашылығының барлық саласының бұрынғыдан да күшті қарқынмен алға басуын қамтамасыз етеді!**

## ...микасы
## ...муы

...ың хабары халық ша-
... да күшті қарқынмен
...убликамыздың экономи
...кіншіліктері орасан
...етіп отыр. Бірақ бір-
...орындары осы мүмкін-
... пайдаланбай келеді.
...н кейбір кәсіпорында-
...оспарды орындамай,
...икасының алға дамуы-
... бөгет жасап жүр. Өт
...еркәсібі, құрылыс ма-
...сібі, балық өнеркәсі-
...ң кәсіпорындары жос-
...орындады.
...ім шығару жөніндегі
...әне асыра орындай
...са маңызды түрлерін
...гіленген тапсырманы
... жеке кәсіпорындары
...кен жылы жеңіл өнер-
...т өнеркәсібі, тамақ
...ті өнеркәсіп министр-
...йбір өте маңызды түр-
...арды орындаған жоқ.
...блика еңбекшілерінің
...сай, қажетті өнімдер
... ете алмады. Халық
...ан сайын өркендету
...латындығына қарамас-
...кәсіпорындары жұмыс-

# 1951 жылы Қазақ ССР халықшаруашылық жоспары орындалуының қорытындылары туралы

## Қазақ ССР Санақ Басқармасының хабары

1951 жылы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының өркендеуі және товар айналымының өрістетілуі мынадай мәліметтермен сыпатталады:

### I.

1951 жылы Қазақ ССР жеріндегі өнеркәсіптің жалпы өнімінің көлемі 1950 жылғымен салыстырғанда 113 процент болды.

1951 жылы өнеркәсіпте жалпы өнім шығарудың жылдық жоспары 100,3 процент орындалды.

1951 жылы жылдық жоспардан тыс едәуір мөлшерде көмір, мұнай, бензин, болат, болат прокат, хромит және никель рудалары, феррохром, ет, макорон және кондитер тағамдары, шұжық тағамдары, темекі, сыра, арақ және арақ ішімдіктері, мырышталған ыдыс, мебель, сыртқы және ішкі киімдік трикотаж шығарылды.

Қазақ ССР-інің жеке министрліктері мен ведомстволары 1951 жылы жалпы өнім жөніндегі жылдық жоспарды төмендегідей орындады.

| | жылдық жоспардың орындалу проценті |
|---|---|
| Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі | 91 |
| Ағаш өнеркәсіп министрлігі | 41 |
| Жеңіл өнеркәсіп министрлігі | 106 |
| Мақта шаруашылығы министрлігі | 102 |
| Балық өнеркәсіп министрлігі | 98 |
| Ет және сүт өнеркәсіп министрлігі | 106 |
| Тамақ өнеркәсіп министрлігі | 104 |
| Жергілікті өнеркәсіп министрлігі | [illegible] |

| | 1950 жылғымен салыстырғанда 1951 жылдың проценті |
|---|---|
| Жұмсақ былғары товарлары | 127 |
| Былғары аяқкиім | 126 |
| Киіз-байпақ | 118 |
| Ет | 122 |
| Ауланған балық | 95 |
| Шұжық тағамдары | 130 |
| Өсімдік майы | 123 |
| Сарымай | 98 |
| Нан-булка тағамдары | 100,6 |
| Кондитер тағамдары | 128 |
| Макорон тағамдары | 115 |
| Түрлі консервтер | 96 |

| | 1950 жылғымен салыстырғанда 1951 жылдың проценті |
|---|---|
| Папирос | 111 |
| Темекі | 136 |
| Махорка | 87 |
| Алкогольсіз сусындар | 125 |
| Сыра | 114 |
| Арақ және арақ ішімдіктері | 122 |
| Тазартылмаған спирт | 84 |
| Шайды өлшеп қағазға орау | 116 |
| Ұн | 117 |
| Жарма | 75 |
| Тұз өндіру | 98 |
| Кір сабын | 83 |

1950 жылғымен салыстырғанда 1951 жылы өндірістің едәуір өсуіне қарамаған, кірпіш, әк, арба, күйме пешке және шаруашылыққа арналып құйылған шойын бұйымдары, қатты және жұмсақ былғары товарлар, былғары аяқкиімдер, фосфорит ұнын, күкірт қышқылын, суперфосфат, алкогольсіз сусындар шығарудың 1951 жылға арналған жоспары кем орындалды.

### III.

Өнеркәсіп өнімінің өзіндік бағасын кеміту жөнінде 1951 жылға арналған жоспарды жеңіл, тамақ, жергілікті отын, ет және сүт өнеркәсіптері, мақта шаруашылығы министрліктері кәсіпорындарының көпшілігі толық және асыра

# ...ы беру-сайлау ...арынан

...

## ...басқармасы не үшін ...атты сыналды

колхозы кол-
айлау жыйы-
кылгы ауыл-
уралы колхоз
дастың баян-
ғы жұмыс
ыланды.
рғанда 1951
ар артты, мал

ы мал өсру
нінде нақты-
іске асыру
ргізген жоқ.
лдардың шы-
ін малдардың
дың «ішкі
умен малды
кетті. Осы-
ының орын-

ен қара мал
малар бола
өнім мөлше-
йырдан 1171
қырқу жос-
ағаттанғысыз
колхоз мем-
жоспарын

темгі егіске
ала жұмыста
шаралардың
е созылуына
парлы өнім-
ты.
шелері өткен
мшіліктерден

еңбеккүн дұрыс жұмсалмаған, колхозшылардың қоғамдық еңбекке деген ынтасын арттыру жөніндегі шаралар ұмыт қалған.

Колхоз басқармасы мен тексеру комиссиясының есепті баяндамасынан кейін жарыссөзге шығып сөйлеген колхозшылардың барлығы да колхоз басқармасының шаруашылық жұмысқа үстүрт қарағандығын, колхоз өндірісіндегі жұмыстың егжей-тегжейіне дейін жете біліп отырмағандығын, әсересе, председательдің колхозшылармен байланысты үзіп, сынға қысым жасағандығын қатты сынады.

—Колхоз председателі Волков,—деді колхозшы Г. Киянов жолдас, — өзінің колхозшылардың алдында есепті екендігін ұмытып, тек жарлық беруші болып отырды. Өткен жылғы есеп беру-сайлау жыйылысынан кейін бір рет те колхозшылар толық жыйналған жыйылыс өткен жоқ. Колхозшылармен ақылдасып жұмыс істеу деген болмады. Егіннен мол өнім алу, мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне үстүрт қаралды. Волков жолдас 100 центнер қоғамдық астықты орынсыз жұмсады, фермадан бір шошқаны заңсыз алды, өзінің қылмысының ізін жасыру мақсатында, есеп жұмысын әдейі быт-шыт етті.

Аудандық атқару комитеті мен ауыл-шаруашылық бөлімі,—деді онан әрі Киянов жолдас,—колхоздағы осындай елеулі кемшіліктерді көре-біле тұрса да, ешқандай шешуші шара қолданбады. Ақырында шаруашылық жұмыстардың барысында колхоз ауданда ең артта қалғандардың бірі болып отыр.

Трактор бригадасының бригадирі А.

## Балалар бақшасында

Таңертеңгі сағат 8. Балалар орындарынан тұрып, кроваттарын жыйнайды, жуынады, киінеді. Белгілі уақытта тамақтанады. Аз демалғаннан кейін түрлі ойындар ұйымдастырылады, балалар ертегі айтады.

Түскі тамақтан кейін — тағы үзіліс, ойындар. Жас бөбектер мұнда әрбір сағатты көңілді өткізеді. Тәрбиешілер бірде-бір жасөспірімнің тәрбиелік қамқорлықтан тыс қалуына жол бермейді.

Бұл —Петропавлдың 8 -март атындағы балалар бақшасы. Оның құрылғанына 20 жыл толды. Мұнда тәрбиеленгендердің көпшілігі бұл күндері жоғары дәрежелі білімі бар мамандар, партия, совет қызметкерлері. Балалар бақшасына осында тәрбиеленген Совет Армиясының офицері Юрий Новиковтан, Москвадағы жоғары дәрежелі оқу орындарының біріндегі студент Василий Тарановтан, студентка Лидия Коваленкодан және басқаларынан хат келіп тұрады.

---

## Училищеден жоғары оқу орнына

№ 2 темір жол училищесі ұйымдасқаннан бергі уақыт ішінде екі мыңға жуық машинист көмекшілерін, слесарьлар, автоматшылар, токарьлар, ұсталар және басқа мамандар даярлап шығарды.

Мектепті бітіргендердің көпшілігі кәзір стахановшылар. Мәселен, Петропавл депосының бесжүзші- машинисі Шандыбин, аға электрик Никулин осында білім алды.

Училищеден кейін жоғарғы оқу орындарына түскен жастар да аз емес. Алексей Вязьмич училищені, одан соң темір жол техникумын бітірді. Кәзір ол Ленинград станциясында байланыс дистанциясының бастығы. Александр Данилов — кеменің капитан- лейтенанты, Задворный, Локшин, Парфенюк— өндірістік оқудың мастерлері, оқытушылар.

---

## Механизаторлар

### *Біздің календарь*

## Сергей Иванович Мосин

### (Қайтыс болғанына 50 жыл толуына)



Еліміз 1941 жылы орыс халқының атақты қарушысы Сергей Иванович Мосин ойлап шығарған «үлгісі 1891 жылғы орыстың үш линиялы винтовкасының» 50 жылдығын тойлаған еді. Отанымыздың ұл-қыздары жарты ғасырдан астам С. И. Мосин ойлап шығарған қаруды қолына берік ұстап, шетел басқыншыларына қарсы жанаямай күресті.

1890 жылы соғыс қаруын сынайтын үлкен алаңдардың бірінде заводтан жаңа ғана жасалып шыққан, орыс армиясының капитаны С. И. Мосин винтовкасының сынағы басталды. Солдаттар үш ай бойы жаңа винтовканы әдейі құмға, суға, балшыққа салып, қарудың теміріне қалың тот бастырып, күн сайын осы қарудың өзіменен нысана атып жүрді. Мосин қаруымен қатар осы жағдайда сыналған Бельгия қару жасаушысы Наганның винтовкасы алғашқы күндері істен шығып қалды. Сөйтіп, орыс винтовкасы 1891 жылдан бастап орыс армиясының қаруы болды.

Патша министрлері капитан Мосиннің бұл қаруына көп уақыт көңіл аудармай келді. Соңынан патшаның соғыс министрі осы қарумен орыс армиясын жабдықтау туралы бұйрықтың жобасында Сергей Ивановичтің атын сызып тастады. Ал, патша Александр III-нің өзі «орыс қаруы» деген сөзді жазғызбады.

Сол кездегі шетел соғыс қайраткерлері С. И. Мосиннің бұл қаруын сатып алу үшін көп күш жұмсады. 1891 жылдың 5 апрелінде американ соғыс атташесі Мосинге: «Егер сіз өзіңіздің ойлап шығарған қаруыңыздың үлгісін Америкаға жіберсеңіз... бұл әрекетіңіз сізге де, біздің үкіметімізге де өте пайдалы болар еді» деп хат жазыпты. Бірақ, өз елінің патриоты Мосин бұл хатқа жауап бермеді.

Совет өкметі орнағаннан кейін совет қарушылары «үлгісі 1891 жылғы Мосин системалы орыстың үш линиялы винтовкасының» құрылысына 1930 жылы бірқатар жаңалықтар енгізді.

С. И. Мосиннің шәкірттері оның бастамасын ескерусіз қалдырған жоқ. Чернигов өлкесіндегі Осовец деревнясынан шыққан шаруа Я. У. Рощепей өздігінен атылатын винтовка жасап шығарды. Ал, совет қарушылары Сталиндік сыйлықтың лауреаттары В. А. Дегтярев, Ф. В. Токарев, Г. С. Шпагин, С. Г. Симонов және Б. Г. Шпитальный түрлі автоматты қарулар ойлап шығарып, совет қаруының сапасын онан сайын арттыра түсті.

Сергей Иванович Мосиннің және оның шәкірттерінің ойлап шығарған қарулары совет халқының фашизмге қарсы Ұлы Отан соғысы кезінде Совет Армиясы жауынгерлерінің қолында жау түршігерлік өткір қару болып, совет халқының мақтанышы болып есептелінді.

